

## № 4 дәріс

**Тақырыбы:** Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы.

### Негізгі сұрақтар:

1. Сыпыра жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы
2. Сыпыра жырау толғауларының мәні

### 1. Сыпыра жыраудың қоғамдық-әлеуметтік тұлғасы

Сыпыра жырау (туған - өлген жылдары белгісіз) – Дешті Қыпшақтың әйгілі жыршыларының бірі, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, барабы, құрдақ, қырым татарларына ортақ тұлға. Оның жырлары бізде өз атымен жетпеген, толғаулары «Құбығұл», «Едіге би», «Тоқтамыс ханның хикаяты» аңыз-әңгімелер мен «Ер Тарғын», «Едіге батыр» эпикалық жырларында сақталған. Қазақ зерттеушілері Сыпыра жырауды ноғайлы дәуірінен жеткен көптеген эпикалық жырлардың бірден-бір авторы санайды. Қазақ аңыздары мен батырлар жырында жырау ел бірлігін көздеген дана ретінде суреттеледі, бірде 120, бірде 180 жасаған, көпті көрген тәжірибелі қарт кейпінде көрінеді. Ауыз әдебиеті дәстүрі біздің заманымызға Сыпыра жыраудың қиын кезеңде өзінен ақыл-кеңес сұраған Алтын Орданың сол кездегі билеушілеріне арнаған бірнеше толғау-монологын жеткізді.

Бұл толғау-монологтарда жырау билеушінің өзін, оның ата-бабалары мен төңірегіндегілерді сипаттап, қалыптасқан жағдайға баға берген, болашақты болжап, содан кейін ақыл-кеңесін айтқан. Оның қиын жағдайда өзінен көмек сұрап, хандармен жауласқан батырларды бітістіру мақсатында жырлаған толғаулары белгілі. Бұл толғаулар Сыпыра жыраудың негізінен мәңгілік жыршы және бітістіруші болғандығын дәлелдейді.

Сыпыраның Едіге туралы эпоста бейнеленген Тоқтамыс ханға арнаған өлеңі оның толғауының классикалық үлгісі болып табылады. Арнау жырда Сыпыра жырау алдымен өзін таныстырған соң өзінің Тоқтамыстың сегіз атасын, соның ішінде Шыңғыс ханды да көріп-білгенін айтады, олардың әрқайсысына тиісінше мінездеме береді. Содан кейін Едігенің Тоқтамыстан қашуы кездейсоқ емес екендігін, оның Темірмен одақ құрып, қайта келіп соғыс ашуы мүмкін екендігін жырлайды. Сонымен бірге жырау Тоқтамыстың күйзеліске ұшыраған ұлысы мен тұтқынға түскен қыздары мен әйелдерінің тағдырын әдемі суреттейді. «Ер Тарғын» жырында Сыпыра жырау туралы «өз өмірінде толғау айтып, тоғыз ханды түзеткен кісі» делінген, ал «Телағыс» жырында ол ноғайлы ішіндегі өзара қырқысты өршітпей, ел арасындағы беделімен тегеуірінді жырымен жауласушы жақтарды бітістіріп отырған тұлға ретінде көрінеді.

Ноғай халқында кездесетін «Тоқтамыс ханның хикаяты» атты аңызда Сыпыра жыраудың атынан қара сөзбен аралас айтылатын жырлар өзінің табиғи сипаты жағынан жыраудың «Мен қартыңмын, қартыңмын» атты толғауына ұқсас келеді. «Қырымның қырық батырын» жырлаған әйгілі

Мұрын жырау өзін Сыпыра жыраудың ұрпағы санаған. Сыпыра жырау шығармашылығы көптеген түркі халықтары әдебиетінде көркем үлгі ретінде орын алды.

Сыпыра жыраудың толғауы нақты ақындық сипаттамалар мен бейнелі сөздерге толы. Жырау Едіге жүріп өтуге тиісті жерлерді айшықты суреттеп, тарихи тұлғаларға бейнелі анықтамалар береді. Тоқтамыстың алдында айтылған бұл толғау Сыпыра жырау өміріндегі соңғы толғау болды және шамамен 1390 жылы айтылған.

М.Қашқари сөздігінде үзінділері ұшырасатын Афрасиаб – «Алып Ер Тоңа» жыры да б.д.д. VII ғасырға жататын эпостың бізге жеткен жұқаналары. Демек, эпос Еуразия көшпелілерінің төл өнері болған. Ал IX ғасырда бұл жанрды шырқау биікке Қорқыт жырау. Оның сөздері бізде сақталмағанмен, түріктерде сақталған. Осы шамада «Қобыланды батырға» енген «Қараман батыр», «Ақ Көбек» жырлары, «Манастың» алғашқы нұсқалары, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырлана бастаса керек. Осы желі Дешті Қыпшақта үзілмеді. Моңғол дәуірі – XIII-XIV ғасырларда да бұл дәстүр жалғасын тапты. Осы кезеңде Шез-Баян Балашықұлы, Кете-Бұға Найманлы, Қотан Арғынлы, Сыпыра Шөпбаслы, Парыздық Шабанұлы, Құба Қыпшақ, Қара-Байыс Қаңлы, Ұзын-Айдар Қоңырат, Сұлу-Мәмбет Шырын, Маңқы Маңғыт сияқты жыраулардың есімдері кезігеді. Аттары сақталғанмен, көбісінің мұрасы белгісіз. Бұл орайда Сыпыра жыраудың орны бөлек. Ол шындығында Ноғайлы жырауы емес, Алтын Орда жырауы. Ноғайлы 1391 жылғы Ақсақ Темірдің бірінші жорығынан кейін Едіге ұлысы ретінде пайда болса, сол жылы Сыпыра Тоқтамыс алдында жырлап отырып, өліп кетеді. Ноғайдың «Едіге» жыры осындай дерек ұсынады. Демек, ол Ноғайлы ұлысы тарих есігін ашардан бұрын дүниеден озған. Ендеше, оны ноғайлыға неге телиді? Жоғарыда Ноғайлының Алтын Орданың рухани мұрагері екенін айтқанбыз. Сыпыра жырау өмірі соның бір дәлелі. Әр кезде, әр елде Ноғайлы жырларын, әсіресе «Едіге» дастанын шығарған Сыпыра деген әңгіменің айтылуы тегін емес сияқты. Сыпыра көрген-білген, араласып-қатысқан оқиғасы екенін айғақтағысы келгендей өзі шығарған дастандарға өзін қосалқы кейіпкер ретінде қатыстырып, берген ақыл-кеңестерін жасырмай айтып, жырға енгізіп отырған. Мұны Сыпыраның шығармашылық қолтаңбасы десе де болады. Жалғыз «Едіге» емес, «Айса», «Айса ұлы Ахмет», «Алау батыр» «Әмет батыр» жырларында да осы аужай анық аңғарылады. Өзбек хан, Жәнібек хан заманының мемлекеттік тұлғалары – аталмыш батырларды Сыпыра етене жақсы танып, біліп жырына арқау еткен. Сондай-ақ «Құттықия», «Құбығұл» жырларына жыраудың кейіпкер ретінде қатысуы – Сыпыраның өзіндік тұтынымы мен қолтаңба ерекшелігін айғақтап тұр. Тақырыпты алғашқы зерттеушілердің бірі Ханғали Сүйіншәлиев «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Ер Қосай» жырларын эпос қып жырлаған Сыпыра деп біледі.

Тоқтамыс, Едіге қандай тарихи тұлға болса, Сыпыра да – сондай тарихи тұлға. Оны болды-болмады деп бұлдыратуға негіз жоқ. Иә, оны ұзақ жасатып, бірде 120, екіншіде 180 жасқа жеткізіп, жырау бейнесін шындықтан гөрі

елеске айналдырып жіберушілер бар. Түз жұрты қалаулыларын өлдіге қимай, сырлас сұқбаттасына айналдырып, ұзақ жасатуға тырысқан. Оған қоса Дешті Қыпшақ жылды күнтізбе қағидасына орай есептегенмен, адам жасын 9 ай, 9 күннен қайырған. Яки, биологиялық жасты есептеген. Ендеше,

Сыпыраның 120-ға келуі мүлде таңғалдырмайды.

Едіге Тоқтамыстан 1387 жылы қашып еді. Міне, осы жай Мұрын жырлауындағы «Едіге» жырына өзек болады. Жырдың әлқиссасында «Тоқтамыстың Сыпыра жырау деген жыршысы» бары айтылады. Кейінгі қосынды, жамау, ауытқушылықтарды ескермегенде, ол Едігеге оппозициялық бағытта болады. Оның елді бүлдіретінін айтып, басын алуға кеңес береді

Қарақалпақтар Сопбаслы, ноғайлар Шөпбаслы деп әліптейді. Ал Шоқан оны бірде Сыпыра десе, бірде «Сұп жырау» деп атайды. Ал жыраудың сырт сұлбасын суреттеуде «сұм аяқ, сұпа бөрікті» тіркесі жиі қолданылады. Бұл жерде «сұпа бөріктіні» – «сұпы бөрікті» деп оқыған жөн. XIV ғасырдың аяғы Орта Азияда сұпылық қозғалыстың жанданған кезі еді. Хорезмде қоңыраттардың сұпылық ордені құрылып, Хорезмді дербес мемлекет деп жариялағанды. Оларды парсы тілді әдебиеттер «чуфи» деп жазған. Яки, сұпы сөзі қалыптасу кезеңін бастан кешірген. Демек, Сопбаслы, Шөпбаслы сөздерін Сопыбаслы деп оқуға негіз бар. Ендеше, Сыпыра орта ғасырда Маңғыстауда сопылық мектептің негізін қалаған адам боп табылады. Осы реттен келгенде 1334 жылы ибн Баттута Сарайшықта болғанда: «Осы қалада түрік нәсілінен шыққан егдерген, сыйлы адамның ғибадатханасы бар. Оны Ата деп атайды. Ол бізге дастархан жайып, батасын берді» деуінде мән бар. Әлкей Марғұлан Баттута кездестірген діндар Атаны –

Сыпыра деп біледі Сыпыра жұрты Жемді жайлап, Сарайшықты қыстап отырған әсер қалдырады. Әлкей Марғұлан: «Тоқтамыс пен Едіге айтысып жүргенде жүзге келген Сыпыра жырауды Тоқтамыс күймелі арба жіберіп, Маңғыстаудан Сарайға алдырып, оның кеңесін тыңдайды», - деп қорытады.

## **2. Сыпыра жырау толғауларының мәні**

Сыпыра жырау шығармашылығына алғаш назар аударған ғалым Ш.Уәлиханов. Оныңаманқарағайлық қыпшақ Жұмағазыдан жазып алған шумақтарын Мелиоранский «Тоқтамыс жыры» жинағына енгізді. Ал Қ. Сәтбаев 1927 жылы баянауылдық қаржас елінің ақыны Қопабайдан екінші рет жазып алып, Орынбордан бастырып шығарады.

Аталмыш толғаудың мәтіні төменгідей:

Мен қартыңмын, қартыңмын,

Не көрмеген қартыңмын.

Бастыққа бастық,

Бастық хан Оны көрген кәріңмін.

Одан соңғы Кедей хан,

Оны көрген кәріңмін.

Одан соңғы Ала хан,

Оны көрген кәріңмін.

Одан соңғы Қара хан,

Оны көрген кәріңмін.  
Құлағы шұнақ Хазар хан  
Оны көрген кәріңмін.  
Он екі тұтам оқ атқан,  
Одан соңғы ер Шыңғыс  
Оны көрген кәріңмін.  
Мұнарасы қырық құлаш Өзден сұлтан Жәнібек  
Оны көрген кәріңмін. Ұлы бабам Домбауыл  
Соны көрген кәріңмін.  
Жүз сексенге келгенде,  
Сонша хандар өткенде  
Жас та болсаң, Тоқым хан,  
Сені көрген кәріңмін.  
Бұл жолдар 180 жас жасаған кәрілігін куәға тарта отырып, көшпелі  
елдің өткен-кеткеніне барлау жасауымен құнды. С.Сейфуллин де  
«Қазақтың ескі әдебиеті» кітабында Сыпыра өлеңдеріне орын берген.

Ей, жігіттер, шоралар, Он сан ноғай бүлгенде,

Саназар батыр жауынан

Жаралы болып келгенде,

Алаш, алаш болғанда,

Алаша хан болғанда,

Аязды қыста айырылды

Арасат оты жанғанда,

Хан қашып, би қуғанда,

Хан Тоқтамыс қорланып,

Байтағым деп зарланып,

Айтып жылай жөнелді.

Сап-сап жүре, сап жүре,

Сай азамат қосылып,

Жауды жайпай ала алмас,

Қара қыпшақ Қобыландым,

Сен секілді ерден соң.

Есім Байболов Сыпыраның Кавказ жұрты арасында  
сақталған біразөлеңін жиып-теріп жария етті. Сыпыра  
Қобыландыны біліп қана қоймай, өлгенін де көрген. Ел бүлініп, ат тұяғынан  
шаң бораған жаугершілікте Қобыландының жоғынан «жауды жайпай  
алмайтынына» өкініш білдіреді. Ал бұл толғау 1391 жылы Дешті Қыпшақ  
арқылы Ақсақ Темір жорыққа шыққанда, Тоқтамыс Сарайды тастап, Дон  
даласына қашпақ болған, сонда ел жақсылары Сыпыраны алып келіп, тоқтау  
айтқызып, Тоқтамысты сабасына түсіріп, Ақсақ Темірге қарсы шығуға  
көндірген.

Өлең жолдарында Саназар батырдың жаудан жаралы боп келгені ауызға  
алынады. Кетіктен 35 шақырым жерде Саназар әулиенің моласы жатыр.  
Ыбырай ахун Құлбайұлы да білімімен Сырымды тоқтатқан атақты бай  
Саназарды еске алады. Өлкетанушылар бұл есім иелерін XVIII ғ.

тумалары деп біледі. Ал Сыпыраның Саназары болса XIV ғасырдың ел қорғаны болған атақты батыр. Ол басқа емес, төртқара Айтұлы Саназар батыр болса керек. 2004 жылы «Жазушы» баспасынан Есенбай Дүйсенбайұлының құрастыруымен жарық көрген «Жеті ғасыр жырлайды» жасағанда «Тағай бидің аты аталады. Орыс хан Маңғыстау өлкесінің қожасы Тойқожаны өлтіріп, Тоқтамысты қуған соң, бұл иелікті Көгедай (Наравчатов билеушісі) тоқа-темір Тағайға сыйлаған еді. Орыс жылнамасынан кейін Тағай есімі Сыпыра шығармасында ұшырасады.

**Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:**

1. Сыпыра жырау өмірі жайлы деректердің берілуі
2. Сыпыра жырау және Тоқтамыс хан байланысы
3. Сыпыра жырау толғауларының хандық дәуір әдебиетінде алатын орны